



Таңжарықова А.В.

**ПРОЗАЛЫҚ
ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ
МИФТІК ҰҒЫМ**

*В статье рассматриваются
литературные приемы создания
художественных образов в
произведениях казахских писателей.*

*The literary methods of creating artistic
images in creative works of Kazakh writers
are considered in this article.*

Қазақ прозасының образдар жүйесінде адам мен табиғаттың бірлігін негіз еткен шығармалар бір шоғыр. Мәселен, белгілі қаламгер Қ.Жұмаділовтің «Құзғынның өлімі» шығармасындағы бүркіт пен құзғын образында адамның шығу тегі мен белгілі жануарлар немесе өсімдіктер, жансыз заттар түрлері арасында туыстық байланыс бар дейтін алғашқы қауымдағы тайпалардың табиғаттағы белгілі бір зат немесе құбылыспен қандастық әрі туыстық байланысына негізделген тотемдік нанымның сәулесі бар.

Ата-бабаларымыздың бүркітке аң алдыру мақсатымен қатар табыну, сыйыну жағын да ұстанғандығы белгілі. Қазақтың бүркітті қадым заманнан бері қастерлеп, пір тұтқандығы соншалық, ол өлсе, иесі оны қауырсын, мамығы, құйрығы, басы, тұяғымен, кейде «бітеу» немесе жара сойып, үй төріне қанатын кере, іліп қоятын болған. Бұл «бүркіттен пәле-жала, жын-шайтан қашады» деген наным-сенімнің нышаны.

Бүркіттің түлеген кезінде түскен қауырсындарын теріп алып, кереге басына іліп қою, жастыққа салып жатса, бас ауырмайды, басты пәледен сақтайды, адам шошып оянбайды дейтін түсініктері де халық санасынан берік орын алған. Және құстың саусақ, тырнақтарын тұмар ретінде де қазақтар аса қастерлеп, пәле-жаладан сақтайтын киелі зат ретінде қолданған. Бүркіттен «жын-шайтан» қашады деген қазақтар балалардың бас киіміне, бешпентінің алдыңғы өңіріне бүркіт тұяғын тағып, бесігіне бүркіт тұяғын байлап қойған.

Сондай-ақ Құт-Құс – Тәңір мен жер арасындағы дәнекер, әрі адам баласына «жан беруші, қорғаушы, киелі елшісі, жебеп қорғаушысы» (медиатор) дейтін сенімдер де кең етек алған. «Құзғынның өлімі» әңгімесінде Қ.Жұмаділовтің суреткерлік таланты табиғат жаратылысын асқан сезімталдықпен көркем сипаттауында.

Таң сібірлеп атып келеді. Шығыс көкжиек құланиектеніп, күн мен түн өзара тартысқа түскендей, дүние көгілдір мұнарға оранып сәл тұрды да, көп ұзамай жарық сәуле үстемдік ала бастады. Таң шапағы жота-жондар мен жалама жартас беттерін арайға бөлеп, түн қараңғылығы теріскейдегі орман алқабына, терен құз-шатқалдарға қарай шегініп бара жатты. Бүгін күн ашық болатын түрі бар. Сай-сайдан үлпілдей көтерілген ақ үрпек тұман тез қанаттанып, бір-біріне тұтаса жылжып, тау мойнына оралған атшарбы бұлттар легіне біртіндеп қосылып жатыр [1.204].

Әңгіме әу бастамасында құс жайында сияқты көрінгенмен, авторлық баянмен қатар өрілген кейіпкер ойы арқылы Құстың символикалық



астары біртіндеп ашыла түседі. Құзғын жайындағы қазақы таным-түсініктерді тілге тиек ете отырып, суреткер Құзғын образына қазақ халқына қасірет әкелген сан ғасырлық жау типін аллегориялық тәсілмен жинақтаған.

Суреткер талантының ерекшелігі адамдар өмірін құс өміріне көшірумен ғана шектелмейді. Сол арқылы қазақ халқының қилы тағдырын елестетіп өтеді.

Белгілі орыс ғалымы Д.С. Лихачевтің көркем шығармадағы уақыт мәселесі жайлы: «Әдеби туындыларды талдап, таразылау үшін маңызды мәселелердің бірі – көркем уақыт: әдеби шығармаларда уақыттың көрініс табуы, уақыттың әдебиеттегі көркем факторы ретіндегі көрінісі. Көркем уақыт – бұл уақыт мәселесіне деген көзқарас емес, бұл көркем шығармада көрініс тапқан және бейнеленген уақыттың өзі. Сөз өнерінің эстетикалық табиғатын түсіну үшін әртүрлі авторлардың уақыт тұжырымдамасы туралы айтқан пікірлерін емес, шығармадағы нақ осы көркем уақытты зерттеу маңызды болып табылады» [2.113] деген ойларына сүйене отырып, осы шығармадағы уақыт бедерінің фольклорлық сипаты басымдығына көз жеткізуге болады.

Туындыда ақтабан шұбырындыдан бастап, аштық зұлматынан үдере көшкен елдің қасіретті тағдырының тарихы жинақталған.

Шығармадағы «Көрі құзғын тау жоталарынан тым алыстап кетпей, бөктерлей ұшып келе жатты. Қос қанатын оқта-текте бір толғап қойып, аспан төсінде қалықтап сырғиды. Жерден қараған кісіге көгілдір мұз айдынында жалғыз жаттығып жүрген қара киімді спортшыны еске салар еді. Бірақ құс мекені көкте болғанымен, бар назары жерде. Шып шүйіле, тесіле қарағанда құзғынның көз жанары дүрбіден кем емес-ті. Ағаш басынан топталып ұшқан торғай мен ін аузында жорғалаған тышқанға дейін анық көрінеді. Жер беті қыбырлаған тіршілік» [1.205], – дейтін жолдардағы адамға тән көңіл-күй сезімдері қуану, жылау, күлу, мұңдану, тебіренудің далаға, тауға да, ан-құсқа да тәндігін суреттеу көнеден келе жатқан психологиялық параллелизм сипаттарының бірі.

Табиғаттағы заттар мен құбылыстардың адамға тән көңіл-күйі, іс-әрекетпен көрінуі көне мифтік тұрғыдан келгенде, барлық құбылыс пен заттардың рухы, жаны бар деген сенімнен туындаған шындық, көркем шығармада бұл кейіпкердің жан дүниесіндегі өзгерісті көрсетудің тәсіліне айналған.

Жазушы табиғат суреттерін сырттай бақылаушы ғана емес, тіршілік үшін тайталасқан тірі жәндік атаулының да өмірін шығарма аясына енгізген.

Өңіменің негізгі кейіпкері – Құзғын деуге болады. Себебі, қыранның қасиетінің өзін соның ойы мен іс-әрекеті арқылы танимыз. Суреткер қаламгер халық санасындағы жағымсыз құс образдарына ерекше мән бере отырып, оған қарама-қайшы өмір суреттерін, образдарды есте ұстайды. Тіршілік үшін тырбанып жатқан кішігірім жәндіктерді суреттей отырып, өлексе андыған құзғынның пиғылын жеріне жеткізе әшкерелейді. Бұл қазақ фольклорындағы хайуанаттар жайлы ертегілердің поэтикасын шебер пайдалану үлгісі.

Құзғын ойымен берілетін қазақ даласының шұрайлы қасиетінен айрылып, жайлау-қыстаудың бос қалуы, аштық зұлматының зардабы еміс-еміс еске түсіріледі. Сол арқылы құзғындық ниетке жем болған қазақ тарихының қаралы беттеріне оқырман көзін жеткізіп отырады. Ал оның авторлық баяндауы болмаса кейіпкер сөзі немесе диалог, монолог сияқты көркемдік тәсілдер арқылы емес, құзғын ой-санасымен берілуі – қазақ прозасындағы автор салған тын түрен. Осы арқылы қаламгер халықтың қандыбалақ жауыздыққа жем болу себептеріне үңіліп, аяныш пен кемшілігіне жиіркеніш тудырған.

Әсіресе құзғынның жемтігіне жақындар тұсындағы сәтін адами қасиеттерге сәйкес суреттеуде көне анимистік көзқарас басым.

Көркем қиял – дүниені өнерде, өнер әлемінде бейнелі түрде танудың өзіндік құралы. Өмірлік негіз бен көркемдік қиялдың тоғысында тұратын көркем образ – өнер құбылысы [3.189].

Құзғын бүгін өзінің асыраушысы бүркітті іздеп көп сандалды. Бірақ кезіктіре алмады. Мұндайда бір тасадан жарқ етіп шыға келетін қаршыға мен лашын да көзге түсе қоймайды. Кіші қырандар дария бойында не көл жағасында үйрек аулап жүр ме, кім білсін. Нағыз қызық сонда ғой, шіркін! Ер-жүрек ерке лашынның сонау аспан төрінен зулап келіп, шүрегейлер тобына қалай шүйілгенін сырттай тамашалаудың өзі неге тұрады?! Кірпияз қыран балдырлы, батпақты жердегі үйрекке түсіп, өзен бойын кірлеткісі келмейтін болар, қашанда құстарды ұшырып жіберіп, аспанда айқасқанды ұнатады. Әмәнда, әлі жеткен алып та, шалып та жығады ғой, лашынға жемнен гөрі ойын керек секілді. Үйректер тобының ұйпа-тұйпасын шығарып, нажағайдай жарқылдап, ойнақ салып бір кетеді дейсіз. Аспанда құс мамығы қарша борап, әп-сәтте бірнеше үйректің мойны салбырап құлап бара жатқанын көресіз. Тентек қыран сол үйректердің ұзаса біреуінен ғана тоят алады. Ал қалғандары – манадан бері сонынан қалмай



еріп жүрген тобырдын сыбағасы... Тәңірім қырандарға ұзақ ғұмыр бергей! Олардың тұқымы құрып кетсе, қарақұстардың көрген күні не болады? [1.210].

Шығармадағы құзғынның өзі мойындауға мәжбүр қыран образында тектіліктің, мықтылықтың символы бар. Жазушы құзғынның әрбір іс-әрекетін, ой-сезімін тәптіштей суреттеуде фольклорлық құлдырату әдісіне жүгінген. Жағымсыз кейіпкерлердің шығарма басынан соңына дейінгі келеңсіз келбеті, оның ақыры жеңіліс тауып, әділеттіліктің үстемдік алуын көксейтін фольклорлық поэтика қыран мен құзғын образдарына да тән. Аллегориялық тұспал төркінінде «дайын асқа тік қасық», я болмаса «күріш арқасында күрмек су ішеді» дейтін мәтелдерге негіз болған адамдар мінезі жатыр. Қыранша өмір сүруге ұмтылыс – саналы да жігерлі жанның ғана қолынан келері хақ дегенді айтады автор.

«Па, шіркін, нағыз тастүлектің өзі екен-ау!» деп сүйінді құзғын. Бүркітке бір табан жақындай түскісі келіп, өрге қарай біреу айналым жасады. Бірақ қатарласып баруға жүрегі дауаламады. Өркім өз орнын білуі керек қой. Әшейін, қанатты құс екенмін деп, қол жетпес биікке тырбанып керегі не? Бұл әдепті өзге білмесе де, көп жасаған құзғын білуге тиіс. Ол қыран назарына ілігер тұсқа таман шарықтап барды да: «алдияр тақсыр, бар екенсіз ғой! Бағынышты құлыңыз – біз де саяңызда қалқақтап жүріп жатырмыз» дегенді білдіре қалбаң қағып, шырк айнала төңкерілді [1.212].

Қыран жайлы фольклорлық көзқарас шығармашылық әдістермен шеберлікпен пайдаланылғандығы, құзғынның жан дүниесі мен оның өмірлік мұратын тереңдей баяндайтыны антигезалық жолдарға сыйғызылған. Бұл қаламгер талантының даралығын айқындайтын жаңа үрдіс.

Жазушы көркем әдебиеттегі кейіпкердің ішкі әлемін ашудағы тәсілдерінің бірі болып табылатын портреттік сипаттауды шебер қолданған. Құзғын көзімен берілген қыранның сыртқы тұрпаты, құзғын бойында өтіп жатқан қызығу, қызғаныш, сүйсіну сезімдері де психологизмнің фольклорлық тек-тамырымен байланысып жатқан ерекше бір сипаты деуге болады.

Сонымен бірге, ішкі монологтың кейіпкер психологиясын ашудағы көркемдік қызметінің, адам жанының сырт көзге сезіліп, байқала бермейтін ішкі «қоймаларын», құпия-қалтарыстарын, жұмбақ-сырларын шынайы да сенімді түрде бейнелей білетін тәсілдерін де құс-кейіпкерінің жан түкпірін қопару арқылы өзгеше түрленткен.

Құс туралы көне мифтік ұғымдарды қайта жандандырып, адамзат өмірінің мәселелерін қозғаудың мысалын Ә.Көпішевтің «Құмайкөктің көк аспаны» [4] атты туындысынан да байқаймыз.

Жазушы қиялына қанат бітірген аспан кеңістігі, тек биіктікті мекен еткен қыран құстардың өмірімен өзара тайталас тірлігі. Бұл тірі табиғат атаулыға тән заңдылықты беруде жазушы фольклорлық мифтік ұғымдарға арқа сүйенген.

Шығармада автор табиғаттың дүлей күшімен бетпе-бет келетін қыран құстардың өмірін суреттеу арқылы төзімділік пен күш-қайрат, жігер сезімдерін алға тартады. Қаншалықты қиын кедергіге кезіксе де Құмайкөктің тар қуысқа тығылмай, қыранға тән мінезбен жаралы қанатымен самғауы қыран жайлы халықтық ұғымдарға сәйкес. Құстар өміріндегі аналық, аталық сезімдерді, ұрпақ өрбіту жағдайларын суреттейтін тұстарды Құмайкөктің ақыл-ойында жүріп жатқан ой, сезім сипаттары арқылы бедерлеген. Ана қыранмен бала қыранның қатар сілтеп қалыспай бара жатқанын көрген. Ата қыранның соңғы күш-қуатын жинап, сынық қанатын көтере ұшқан өрлігі рухы биік қазақ болмысының намысын меңзеп тұрғандай. Жазушы көркем шарттылықтардың бірі еске түсіру тәсілін де құсқа тән қасиет ретінде алады.

Қырандар өміріндегі ұрпақ жалғастығы, балапандарының қанатын қатайту мен қатал сыннан өткізу заңдылықтары авторлық таным бойынша адамзат баласына да үлгі болуы керек. Құс екеш құста осындай ерекше қасиеттерге ие болып жатқанда, адамзат ұрпағының ессіздігі, отбасы мен өз ісіне жауапсыздығы кешірілмес кемшілік. Осы ойларды айту үшін автор құс өмірін суреттеуде фольклорлық негізге сүйенген.

Жазушы Құмайкөктің өзінің ғана емес, оның ата-бабасының басынан кешірген жағдайларын баяндау арқылы бүркіттер өміріндегі жалғастық, тектік, туыстыққа назар аудартады. Фольклорлық шығармалардағы шежірелік тұтастану құбылысын тудырған ата-бабасынан таратып жырлау, кейіпкерінің өзіне дейінгілердің ерлік ісінің жалғасы екендігін дәріптеу тәсілінің ізі осы шығармадан анық байқалады. Ол – өзінің ұрпағы үшін ата жауымен жан аямай айқасып, ақыры өзін құрбандыққа шалған Құмайкөктің бесінші атасы Зілқара қыранның тағдыры. Халықтың жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен ізгілік жайлы ойларын Зілқара мен оның қарсыласы Қиданның образына жинақтай отырып жазушы қай заманда да жақсының етегінен тартып, аяғынан шалған жауыздардың бар екенін



ескертеді. Өз ұрпағының өмірін өз құрсағының қамы үшін қиған Қидан да бүркіт тұқымдас. Бірақ оның Зілқара қыран мен оның ұяластарынан тұрпаты да, пиғылы да мүлде бөлек.

Әсіресе, өлім мен өмір қатар арбасқан жантәсілім сәттегі қыран басына келген ойларды суреттеуде психология элементтері тереңдей түскен. Бүркіттің ата-бабасына сиынуы, қыран атаулыға тән өлім алдындағы Әулие шөпті тістемей өлгеніне өкінуі өзінің ұрпағы үшін құрбандық шалу сезімдерін суреттеуде адам мен табиғат жігін ажыратпайтын мифтік сана сәулесі көркемдік мән иеленген.

Әрине, жазушы фольклорлық сана, ұғымдар мен поэтикалық заңдылықтарды көркемдік құрал еткенімен, өз оқырманының уақыт талабымен санаспай тұра алмақ емес. Жазушы бүгінгі заманның өкілі болса, оқырман да көркем шарттылық пен шындық шекарасын айқын ажырата алатын сана-сезім иесі. Сондықтан да автор құстар өмірінің сан қилы құрылысына бойлап, олардың да өміріндегі талас-тартыс оқиғасын суреттегенімен, әңгіме оқиғасының шарықтау шегіне адам баласының әрекетін қосқан. Бұл әрекет түз тағыларының тайталасының түйінін шешетін шешуші оқиға. Қыран құстың адам баласын ажалдан арашалап, өзін құрбандыққа шалуы адам мен табиғаттың бірлігін аңсаған авторлық идеяның көрсеткіші.

Әдебиеттер:

1. Жұмаділов Қ. Прометей алауы. - А, 2002.
2. Лихачев Д.С. Избранные произведения в трех томах. – Л., 1987.
3. Серікқалиев З. Сын кітабы. – А., 2008.
4. Көпіш Ә. Құмайкөктің көк аспаны. - А, 2007.